



010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй,
«Министрліктер үйі» әкімшілік ғимараты, 6-кіреберіс
тел: 8 (7172) 74-36-03, 74-36-04, e-mail: kense@enbek.gov.kz

010000, город Астана, Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, дом 8,
административное здание «Дом министерств», 6-подъезд,
тел: 8 (7172) 74-36-03, 74-36-04, e-mail: kense@enbek.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары - «Ақ жол» ҚДП
фракциясының мүшелеріне**

2026 жылғы 4 маусымдағы
№ ДС-193 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде дара кәсіпкерлердің еңбек өтілін есепке алу туралы депутаттық сауалыңызды мұқият қарап, келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 206-бабына сәйкес мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін есептеу кезінде 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналары (*бұдан әрі – МЗЖ*) төленген кезеңдер ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерлерін есептеу (*айқындау*), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (*не тағайындаудан бас тарту*) туралы шешімді қайта қарау қағидаларына (*бұдан әрі – Қағида*) сәйкес, жеке кәсіпкер тиісті салық кезеңі үшін төленуге жататын жылдық сомадан кем емес мөлшерде МЗЖ төлеген жағдайда, бұл кезең зейнетақы жүйесіне қатысудың толық күнтізбелік жылы ретінде есепке алынады.

Егер нақты аударылған МЗЖ сомасы белгіленген жылдық сомадан аз болса, зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңі төленген жарналардың мөлшеріне пропорционалды түрде айқындалады.

Осылайша, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі төленген МЗЖ-ның толықтығы мен көлеміне қарай есепке алынады.

Аталған тәртіп 1998 жылдан бастап 2006 жылғы шілдеге дейінгі кезеңде дара кәсіпкерлердің МЗЖ төлеуіне қатысты, сол кезеңдегі заңнамада көзделген төлеу ерекшеліктерін ескере отырып қолданылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы қаулысымен міндетті зейнетақы жарналарын нақты кезеңдер (*ай, жыл*) бөлінісінде есепке ала отырып аудару тәртібі белгіленген болатын.

Осыған байланысты қолданыстағы Қағидаларға сәйкес 2006 жылғы 1 шілдеден кейін МЗЖ аударылған жағдайда, жүйеде жарналар нақты аударылған айдың алдындағы ай үшін есепке алынады.

Бұдан басқа, заңнамада қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарын қайтару және оларды тиісті кезеңдер үшін белгіленген тәртіппен қайта аудару тетігі көзделген.

Осылайша, зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде еңбек өтілін және зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңдерін есепке алу мәселелері, оның ішінде 1998–2011 жылдар кезеңіндегі шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттелген.

Министрлікте қарастырылып отырған кезеңде міндетті зейнетақы жарналары мен өзге де әлеуметтік төлемдерді әртүрлі кезеңділікпен төлеген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны туралы мәліметтер жоқ екенін қосымша хабарлаймыз.

Тиісті төлемдерді әкімшілендіру және ақпараттық ресурстарды жүргізу басқа мемлекеттік органдардың құзыретіне жатады. Осыған байланысты аталған мәселе бойынша анық мәліметтерді ұсыну мүмкін емес.

**Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі**

А. Ертаев

*Орын.: А. Алина
тел.: 74-32-27
a.alina@enbek.gov.kz*

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ
МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ
ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй,
«Министрліктер үйі» әкімшілік ғимараты, 6-кіреберіс
тел: 8 (7172) 74-36-03, 74-36-04, e-mail: kense@enbek.gov.kz

010000, город Астана, Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, дом 8,
административное здание «Дом министерств», 6-подъезд,
тел: 8 (7172) 74-36-03, 74-36-04, e-mail: kense@enbek.gov.kz

№ _____

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан –
членам фракции
КДП «Ақ жол»
(по списку)**

*На № ДС-193
от 4 июня 2026 года*

Уважаемые депутаты!

Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан (далее – *Министерство*), рассмотрев Ваш запрос касательно учета трудового стажа индивидуальных предпринимателей при назначении пенсионных выплат, сообщает следующее.

В соответствии со статьей 206 Социального кодекса Республики Казахстан при исчислении размера государственной базовой пенсионной выплаты учитываются трудовой стаж, выработанный до 1 января 1998 года, а также периоды, за которые уплачивались обязательные пенсионные взносы (далее – ОПВ).

Согласно Правилам исчисления (определения) размеров, назначения, осуществления, приостановления, перерасчета, возобновления, прекращения и пересмотра решения о назначении (либо отказе в назначении) государственной базовой пенсионной выплаты и пенсионных выплат по возрасту, утвержденным приказом Заместителя Премьер-Министра – Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 22 июня 2023 года, в случае уплаты индивидуальным предпринимателем ОПВ в размере не менее годовой суммы, подлежащей уплате за соответствующий налоговый период, данный период засчитывается как полный календарный год участия в пенсионной системе.

Если сумма фактически перечисленных ОПВ меньше установленной годовой суммы, период участия в пенсионной системе определяется пропорционально размеру уплаченных взносов.

Таким образом, учет стажа участия в пенсионной системе осуществляется исходя из полноты и объема уплаченных ОПВ.

Указанный порядок применяется в отношении периодов уплаты ОПВ индивидуальными предпринимателями с 1998 года по июль 2006 года с учетом особенностей их уплаты, предусмотренных законодательством соответствующего периода.

При этом постановлением Правительства Республики Казахстан от 15 марта 1999 года был установлен порядок перечисления обязательных пенсионных взносов с отражением платежей по конкретным периодам (месяц, год). В этой связи в соответствии с действующими Правилами при перечислении ОПВ после 1 июля 2006 года в системе учитывается месяц, предшествующий месяцу фактического перечисления взносов.

Кроме того, законодательством предусмотрен механизм возврата ошибочно перечисленных обязательных пенсионных взносов с последующим их перечислением за соответствующие периоды в установленном порядке.

Таким образом, вопросы учета трудового стажа и периодов участия в пенсионной системе при назначении пенсионных выплат, в том числе в отношении субъектов малого предпринимательства за период 1998–2011 годов, урегулированы действующим законодательством Республики Казахстан.

Дополнительно сообщаем, что Министерство не располагает сведениями о количестве субъектов малого предпринимательства, осуществлявших уплату обязательных пенсионных взносов и иных социальных платежей с различной периодичностью в рассматриваемый период.

Администрирование соответствующих платежей и ведение информационных ресурсов относятся к компетенции иных государственных органов. В связи с этим предоставить достоверные сведения по данному вопросу не представляется возможным.

**Министр труда и социальной
защиты населения
Республики Казахстан**

А. Ертаев